

«6D011400-Тарих» мамандығы бойынша (PhD) доктор дәрежесін алу үшін ұсынылған Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбыдағы диссертациялық жұмыссына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Тарих және құқық институтының «Әлем тарихы» кафедрасының докторантты болды. Оқу барысында Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызы таңдалған зерттеу тақырыбына қызығушылық таныта білді. Диссертация тақырыбы ретінде «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» атты тақырыпты бекітті, зерттеу жұмысы барысында жаңа теориялық тәсілдерге мән берілді. Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ақпараттық технологиялардың өмірімізге тереңдей еніп, ілгерілей дамуы, әлемдік ақпарат құралдары мен коммуникациялық құралдардың жер бетіндегі рөлі мен оның ықпалының басты күшке ие болуы – заманымыздың негізгі мәселесі болып табылады. Жұмыс логикалық және дәйекті құрылымға ие, ақпараттық құралдардың маңызы мен қолданылу аясы төңірегінде толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Диссертацияның құрылымы айқын, әрі нақты. Зерттелетін тақырыптар жаңашылдығымен, практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Автор зерттеліп отырган тақырып аясында кең ауқымды мәселерді қарастыруға деген серпінің қолдаған жөн деп біліемін. Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру - бұғінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлестіру және жаңа қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Олардың жаңашылдығы зерттеу пәнімен байланыстырылғында, мазмұндық толықтырылғында және кешенді негізделуінде болып табылады.

«Тарихи білімді ақпараттандырудың теориялық аспектілері» атты бірінші тарауда сандық тарихи білімнің даму бағыттарына шолу жасалып, тарихи білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану мақсаттарының анықтамасын береді.

«Қазақстан тарихы пәнін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану» екінші тарауда сандық білім беру технологияларын қолдану аясындағы тарихи білімнің қазіргі жағдайына тоқталып, Қазақстан тарихын оқыту процесінде цифрлық технологияларды қолдану саласындағы ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді талдаудың жолдары талқыланады.

Зерттеу материалдары бойынша 7 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 3 –КР БжФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдарда, 1 -Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда, 1 -халықаралық конференция материалында, 1 – шетелдік конференция материалдарында, 1 -Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жарық көрді.

Қорытынды: «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» атты тақырыбындағы диссертация белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Қыргызхан Гүлбаршын Азисқызы «6D011400-Тарих» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты.

**Отандық ғылыми жетекші:
Абай атындағы ҚазҰПУ –нің
Тарих және құқық институтының
PhD докторы, аға оқытушысы**



Асымова Д.Б.